ҚҰРАНИ
КӘРІМ
ҚАЗАҚША МАҒЫНА
ЖӘНЕ
ТҮСІНІГІ

Құрани Кәрім

Қазақша мағына
және түсінігі

Арабшадан аударған және
түсініктердің авторы Алауддин Мансур

Алматы-Бішкек
2006



سُورَةُ الفَاتِحَةِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ (1)
الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ (2)
الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ (3) مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ (4)
إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ (5) اهْدِنَا
الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ (6) صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ
عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ
وَلَا الضَّالِّينَ (7)

Фатиха сүресі (1)

БИСМИЛАҺИР РАХМАНИР РАХИМ

Ең бірінші бүкіл әләмдерді Құран нұрымен нұрландырған Ұлық Тәңіріміз Аллаһ тағалаға шексіз мадақ-алғыстар болсын және де оның сүйікті пендесі, әрі соңғы пайғамбары болған хазіреті Мухаммед Мұстафаға дұға және салауаттарымыз болсын!

Сөздердің ең турасы – Аллаһ тағаланың сөзі. Жолдардың ең шырайлысы – Пайғамбар Мухаммед алейһис – сәлемнің жолы.

Біздер бүгін сол ең тура сөз, бүкіл әлемдердің иесі болған Тәңіріміздің сөзін үйренуді ниет етіп отырмыз. Белгілі болғанындай, тәпсір ілімі-Құрани Кәрімнің әр бір аятын және сөзін анықтап, оны зер салып зерттеу, өте ертеден, сахабаларды көрген төбеъиндердің, олардан алдыңғы сахабалардың, тіпті береке иесі болған Хазіреті Мухаммед алейһис-сәлем пайғамбар етіп жіберілгенінен – ол кісіге Құрани Кәрімнің аяттары түсе бастаған заманнан басталады.

Құрани Кәрім сіз бенен бізге бүкіл әлемдердің, әрі дүние және Ақыреттің Иесі болған Аллаһымыз тарапынан жіберілген бір - жол көрсету, білім-хикмет, Ақырет жұртының Ақыреттегі ахуалдары жөніндегі сіз бенен біз көре алмайтын жұрт жөніндегі хабарлар, әрі бұл хабарлар Аллаһ тағала өзі берген хабарлар. Сол сияқты Құрани Кәрім біздер үшін-адамзат үшін түсірілген керемет бір Кітап. Кітапта Аллаһ тағала бізді қайсы тәрізде мұсылман болып өмір сүруіміз, қайсы амалдарды орындауымыз, әрі қайсы амалдардан алыс болуымыз керектігін өзінің Иләһи бұйрықтарыменен таныстырады. Сондай-ақ бізден бұрын өткен ғасырлардағы кісілердің өмірлері, имандылардың тапқан табыстары, кәпірлердің душар болған апаттары және де бүкіл аспандағы хабарлар мен бұл дүниеден кейінгі өмірдің хабарлары, сол кейінгі өмірдегі Қиямет Күнінің хабарлары және де Аллаһ тағаланың Өзі сол Ақырет жұртына арнап орналыстырған жаннат пен тозақтың хабарларын Құрани Кәрімнің аяттары арқылы бізге жеткізеді. Құрани Кәрімді – бұл керемет Кітапты Мейірімді Аллаһ әрбіріміз түсінетін етіп, адамдар сөйлейтін сөздерменен түсірген, әрі бұл Құрани Кәрім араб тілінде түсірілген. Бірак бұл Калам-Сөз мұғжиза - баршаны таң калдырушы сөз



болғандығы үшін сондай бір түбі жоқ теңіз, оның түбіне ешбір адамның, ешбір ғалымның жете алмайтындығы табиғи хал. Мүмкін содан шығар, біздерге оның сыртқы мағыналарын түсініп, амал етуміз бұйырылған. Енді міне осы сөздерді жақсы түсінуіміз үшін Құранның тәпсірлеріне мұқтажбыз. Ғалымдардың жазулары бойынша ең бірінші Құранның жақсы тәпсірі Құрани Кәрімнің өзі, яғни Құранның бір аятының мазмұнын баска бір аяттан жақсырақ түсініп аламыз. Және де Құранды Хазіреті Мухаммед алейһис – сәлемнің хадистері де тәпсірлейді, яғни әр бір аяттың тарихын, сол аяттардың түсу себептерін Құрани Кәрімнің өзіне тиісті шархы болған Хадис Шәриф тәпсірлейді. Құрани Кәрім Аллаһ тағаланың сондай бір ұлық нығметі, Раббымыз бүкіл әлемдерді жаратып және оларды сіз бенен бізге бойұсындырып, бізді оларға қожа етіп, өзінің жердегі орынбасары етіп койғанынан кейін, енді біздерге міне осы дүниеде өзі разы болатын тәрізде өмір сүруіміз, шын мәнінде қожалық – иелік етуіміз, кәміл адам баласы болып өмір сүріп өтуіміз үшін бір колданба етіп түсірді. Тіпті әр кім өз нәпсі калауымен, кем акылымен әр түрлі жолдарға адасып кетпесін деп Аллаһ тағала міне осы дүниедегі өміріміздің ең тура жолын көрсететін көрсетпе, амал дәстүрі етіп Құрани Кәрімді түсірді.

Демек біз Құрани Кәрім көрсетпелеріне амал етуден бұрын оның мән-мазмұнын түсінуге әрекет етуміз керек. Құранды Расулуллаһ саллаллауһу алайһи уассалламның халистері менен түсінуіміз керек. Аллаһ тағала Құрани Кәрімде Хазіреті Мухаммед саллаллаһу алайһи уасалламға карата "Сіз адамдарға Құранды баян етіп бересіз" – деп, Құранды баян ету тапсырмасын өзінің пайғамбарының міндетіне жүктеді. Демек Құранның мазмұндарын, мағыналарын терең түсінуде бізге хадис – Пайғамбарымыздың сүннеттері көмекке келеді және Хазіреті Пайғамбар алейһис – сәлемнің сахабалары да бізге Құранды тәпсірлеп, кеңейтіп түсіндіріп кеткен. Солардан ең ұлысы Абдуллаһ ибн Аббас розиаллаһу анһу – барша Құран ілімін білушілердің, Құран тәпсір етушілердің имамы – басшысы еді. Бұл кісі Мекке тәпсіршілерінің ең күштісі еді. Мадинаи Мунавварада Убай ибн Каъб есімді ұлық сахаба Мадина тәпсіршілерінің ең озаты еді. Ирак өлкесінде Абдуллаһ ибн Масъуд розиаллаһу анһудай ұлық кісі Ирак тәпсіршілерінің ең жетігі-имамы еді.

Міне бұл ұлы сахабалардың тәпсірлерінен, бұлардан естіген төбеъиндердің тәпсірлерінен Құранның тәпсірлері басталған, яғни тәпсірлер дегені Құранның әр бір сөзінің астында жаткан

мағынаны кеңейтіп, түсіндіріп беру, әр бір аят және сөз-кәлиманың кайсы мағынаны аңғартатынын түсіндіріп, оқушының акылына жеткізу болатын.

Біз Аллаһ тағаладан және илхам тілеп Құрани Кәрімді тәпсірлеуде ең бірінші Құрани Кәрімді, Құранның өзімен түсінуге әрекет етеміз және Пайғамбар алейһис – сәлемнің хадистерімен және де ол Хазіреттің сахабаларының тәпсірлерінен пайдаланып сіздерге жеткізу әрекетінде боламыз.

Құрани Кәрімнің Ұлық Иләһи мұғжизалығы соншалық, бұл ұқсасы жок Иләһи Каламның-Сөздің сырын түсіну және түсіндіру максатында түрлі ғасырларда мыңдаған тәпсірлер жазылды, әрі әлі де жазылып жатыр. Бұдан кейін де, тіпті Қияметке дейін де бұл Кітаптың сырын толық баян ету мүмкін емес. Осы ұлы кадырлы Кітап соншалык бір мұғжиза – адамзат акырына шейін түсініп жету ауыр болған, яғни сыртқы мағынасын түсінген болса да маңызын- мазмұнын білуіміз ауыр болған Аллаһтың Сөзі. Сол себепті біз бұл тәпсірде өткен ғұламалардың тәпсірлерінен де пайдаланамыз. Максатымыз Аллаһымыздың Сөзін өзіміз түсінбеген халде тек қана сөзбе-сөз оқи берместен, мағынасын да түсіну. Тек қана мағыналарын түсініп коя салмастан, сол түсінген мағыналарға амал ету, иманымызды мықты ету және Аллаһтың Тура Жолын тану.

Мәлім болғандай Құрани Кәрім бірнеше сүрелерден құралған. Құранда бір жүз он төрт (114) сүре бар. Бұл сынак Аллаһ тағаланың бұйырығымен Хазіреті Мухаммед саллаллаһу алайһи уасаллам тарапынан белгілеп берілген. Әр бір сүренің өз ішіне алған, жеке өзіне тиісті мазмұн-маңызы бар.

Құрани Кәрімдегі бірінші сүре "Фатиха" сүресі болып, ол өз атынан белгілі болып тұрғанындай, Құранды ашушы сүре. Бұл сүре Құранда бірінші тұрғандығы үшін және өзі қысқа ғана жеті аяттан түзілген болса да, бүкіл Құрани Кәрімнің мазмұн-маңызын өз ішіне алғаны үшін де "Құран мазмұнын ашушы" деген атка ие болған.

Енді бұл сүренің Аллаһ тағаланың алдындағы орнына, мәртебесіне келсек, ұлы сахабалардан Убай ибн Каъб розиаллаһу анһу былай деп айткан: "Бір күні Хазіреті Расулуллоһ салаллоһу алайһи уассаллам: Саған Құрандағы ең ұлы сүрені айтып берейін бе? -деді," "Айтыңыз, иә Расулуллаһ", - дедім. "Бұл Алхамду лиллаһи раббил ьаламин" сүресі-деді", яғни Пайғамбар алейһиссәлем осы Фатиха сүресін Құрандағы ең ұлы сүре деп бағалады.

Расында, айтып өткеніміздей Аллаһ тағала бұл сүреге – міне осы жеті аятка Құрандағы мазмұнды Өзінің мұғжизасыменен ор-

наластырып қойған екен. Сол себепті бұл сүре әр бір мұсылманның тілінде, ділінде және намаздардың әр бір ракатында болған сүре. Тіпті Пайғамбар саллаллоһу алайһи уа саллам "Ла солата илла би фатихатил китаб" – "егер фатиха сүресі оқылмаса намаз толық намаз болмайды" деген. Демек бұл сүре намазымыздың әр бір ракатында бізге серік болған және әр дайым тілімізден түспейтін сүре. Бұл сүрені барлығы біледі, жас бала да ол сүрені үйреніп, біліп алады. Егер мән беретін болсақ, "Фатиха" сүресіндегі тағы бір Иләһи сырға куә боламыз – намазхан адам әр күні бес уақыт намазында 30-32 рет осы сүрені окиды, демек 70-80-ге кірген адамның неше мың рет оқығанын санап болмайды. Тағы нәпіл ғибадаттарды да орындайтын және намаздардан тыс бұл сүренің өзін әр дайым қайталап оқып жүретін кісілер де бар. Бірақ таң қаларлысы, біздің окитын сүрелеріміздің ішінде осы сүреден де бізге сүйіктірек сүре жоқ сияқты, яғни әр түрлі сөзді қайталай берсеңіз ескіріп қалады, зерігесіз, аз ғана оқымай тұрсам, сөйлемесем дейсіз. Бірақ Аллаһтың Сөзі болған бұл ұлы Сөзді – "Фатиха" сүресін әр күні неше рет қайталасаңыз да зерікпейсіз, керісінше рахаттанасыз, демаласыз, көңіліңіз ашылады, өйткені бұл сүре ашушы сүре.

Бұл сүренің тағы бір аты "Уммул-Құран", яғни бұл-Құранның анасы дегені. Бүткіл Құранның мағынасын өзінің ішіне алғандығы үшін де осы есімді алған және Аллаһ тағала бұл сүрені "Сабъ-ул-масони", деп те атайды, яғни бұл әр дайым кайталанушы жеті аят деген мазмұнды білдіреді. Құрани Кәрімде Аллаһ тағала Хазіреті Расулаллаһ саллаллоһу алайһи уа салламға: "(Ей Мухаммед алейһис – сәлем) Біз сізге қайталанушы жеті аятты және ұлық Құранды тарту еттік"- дейді, яғни Аллаһ тағала осы ұлық сүрені Құранның жанында жеке дара баса айтады, қайталанушы дегені, намаздың әр ракатінде қайталанып тұрғандығы үшін, солай аталған. Кейбір ғұламалар қайталанушы делінгеннің себебі: "Бұл сүре Құрани Кәрімнің ішінде басқа сүрелерге қарағанда айырмасы, басқалары бір рет түскен, ал бұл сүре екі рет түскен" -деп тәпсірлейді, яғни алдында Мекке Мукаррамада, кейін Мадинаи Мунаввдарада қайтадан екінші рет түсірілген, сол үшін қайталанушы деген есімге ие болған, дейді.

1. Бисмиллаһир рахманир рахим

Тек қана "Барат-Тәубе" сүресінен басқа бір жүз он үш сүренің алдында: "Бисмиллаһир рахманир рахим" аяты келеді. Бұл

көпшілік ғұламаларымыздың айтуынша "Алхамду" сүресінің бірінші аяты есептеледі. Кейбір ғұламаларымыз "Бисмиллаһир рахманир рахим" Аллаһтың аяты, "Фатиха" сүресінің бірінші аяты емес, керісінше әр бір сүренің алдында келетін жеке аят дейді. Бұл аят карима "Мейірімді және Рақымды Аллаһтың есімімен (бастаймын)" деген мағынаны аңғартады, әрі осыменен Аллаһ тағала бізге әр істі Жалғыз Оның атымен бастауымыз керек екендігінен тәлім береді.

Біз момын-мұсылмандар атқаратын әр бір амалымызды өз атымызбен орындамаймыз, яки өзімізге ұқсаған адамдардан болған бір кісінің атымен де орындамаймыз, немесе бір ұлттың яки бір отанның да атымен емес, керісінше бүкіл әлемдердің Раббысы болған Аллаһ тағаланың атымен атқарамыз, орындаймыз. "Бисмиллаһ" дегеніміз – Аллаһ тағаланың атыменен бастаймын дегеніміз.

Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уа саллам бір берекелі хадисінде: "Әрбір керекті, маңызды іс Аллаһтың есімі зікір етілместен басталса, ол іс ақырына жетпейді, ол іс шала болып, кесіліп қалады"-деген. Міне сол үшін де біз Ислам шариғаты бұйырған, рұқсат берген әр бір істі Аллаһтың есіміменен бастаймыз, біз – мұсылмандар міне осындай абыройға иеміз.

Демек бисмиллаһ деп бастамақшы болған, сондай сенімде, ақидада болған адам тек қана бисмиллаһ деп бастайтын істерді орындауы керек. Сол сияқты Аллаһ тағала арам еткен, Аллаһтың есімімен бастап болмайтын істерге мұсылман адам қадам баспауы керек болады. Бірақ кімде-кім Аллаһ тағала арам еткен, шариғатымыз қайтарған дұрыс емес болған күнә-қылмыстарды Аллаһтың есімімен бастаса сол адам діннен шығып кәпір болады. Өйткені Аллаһтың есімімен тек кана адал істерді бастау бұйырылады, арам іс үшін бисмиллаһ деген адам діннен шығады. Мәселен, Аллаһ тағала арақты арам еткен, оны ішуде біреу бисмиллаһир рахманир рахим деп ішсе бұл адам кәпір болады. Бірақ бұл сөзді айтпай ішсе күнәлі болады. Одан кейін тәубе қылып бұл нәрсеге каита жақын келмесе, Аллаһ оның бұл күнәсін кешуге уәде берген, енді осы арам нәрсені Аллаһтың есімімен бастап ішуі Аллаһ тағала мұны адал етті дегені болып, арамды адал деген яки адалды арам деген кісі діннен шығып-кәпір болады.

"Мейірімді және Рақымды Аллаһтың есімімен (бастаймын)".

Аллаһ тағала бұл аят каримасында өзінің атымен бастауымызға бұйырады екен, тек қана есімімен емес, Ол Тәңіріміздің ұлық сипаттарымен бастауымызға да бұйырды. Өзінің Рахман және Ра-

хим сипаттарын айтуға бұйырады. Рахман – мейірімді және Рахим – рақымды дегені. "Мейірімді және Рақымды Аллаһтың атымен (бастаймын)". Жақсылап қараңыз, Аллаһ тағаланың сипаттары өте көп. Аллаһ тағаланың Қаһһар деген сипаты да бар – барлық нәрсені жеңуші, кәпірлерді азаптаушы, тағы басқа-басқа қатігездіктерді көрсетуші сипаттары да бар. Бірақ біздерге "Мейірімді және Рақымды Аллаһтың есімімен (бастаймын)" деп іс, сөз, оқу және әр бір ісімізді бастау бұйырылды. Мұнда біздер жаратқан Раббымыз тарапынан ең бірінші мейірімді, рақымды болуға бұйырылып жатырмыз. Өйткені Пайғамбар алейһис-сәлемнің мынандай үгіттері бар: "Аллаһтың мінез-құлқымен құлықтанындар" деген, Аллаһ тағаланың мінез-құлқы, бірі Рахмандық және бірі Рахимдық, яғни мейірімділік және рақымдылық.

Демек мұсылманмын деген адамда ең көрініп тұратын сипат сол Мейірімділік және Рақымдылық сипаты, сол үшін де әр күні әр сағатта Құраннан бір сүре оқысақ, Мейірбан және Рақымды Аллаһтың атыменен бастаймын деп тіліміз де, тіліміз арқылы барлық денемізде осы мейірімділік және рақымдылық сипаттары сіңіп кетуі үшін Аллаһымыз әр бір істі өзінің осындай көркем сипаттарымен бастауымызға бұйырған. Ғұламалар, бір ғана "Бисмиллаһир рахманир рахим" деген аяттың өзі кісіні иман келтіріп, мұсылман болуы үшін жетерлік дейді, яғни мұнда Аллаһтың есімі де зікір етілді және де сипаттары болған Рахман және Рахим да зікір етілді. Қараңыз, бір ғана сөзбен біз Аллаһымыздың затын әрі сипаттарын таныдық. Міне осы әрбірімізге әрдайым айтуға бұйырылған іс болды. Енді Мейірімділік – Рахман сипаты қандай сипат?

Біздер Аллаһтың бұл ұлық сипатын шекарасына, ақырына, аяғына жетіп-түсінуге әлсізбіз. Ол зат сол дәрежеде Мейірімді, Хазреті Расулуллаһ саллаллаһу алайһи уа саллам тараптарынан келген бір хадис шарифте: "Дүниедегі әрбір нәрсеге Аллаһ тағала мейір бөліп берген"-деп айтылады. Мәселен, әр бір ата-ана мейлі ол адам болсын, мейлі жәндік болсын, мейлі ол жануар болсын өзінің перзентіне мейірбан.

Мейір деген нәрсе дүниеде болмаса дүниенің өзі болмайды. Бүкіл дүниені ұстап тұрған нәрсе мейір, міне осы мейір, жер мен аспанға мейірбан Аллаһ тағала тарапынан бөлініп берілген. Аллаһ тағала хадис шариф кудусиде: "Мен мейірімділік сипатын жүзге бөліп, оның бір ғана бөлігін бүкіл әлемге тараттым, қалған токсан тоғызы Өзіме алып қалғанмын"-дейді. Көріп

тұрғанымыздай, барша адамдар өзінің туыстарына мейірімділік жасайды, әсіресе өзінің перзенттеріне қаншалық дәрежеде мейірімді екендіктерін көреміз, мейлі ол айуандар ма немесе жәндіктер ме, барлық-барлық жанды заттар өз балаларына мейірімді. Расулуллаһ саллаллоһу алайһи уа саллам хадис шәріпінде былай дейді: "Жүгіріп кетіп жатқан ат та аяғын жерге қоярда баламды басып алмайын деп жерге қарап алады, бұл Аллаһ тағала міне осы аттың діліне салып қойған мейірдің белгісі".

Мәселен бір тауықты айдайтын болсаңыз ол сізден қорқып ұзақтау кетуі мүмкін. Бірақ оның алдында балапандары болса, сіз оларға тистін болсаңыз, тауық өзінің өмірін қатерге қойып, сізге қарсы жүгіреді. Бұл да сол жануардың өз балаларына болған мейірімділігінен – Аллаһтың бүкіл әлемге тараткан бір бөлек мейірімінен болды. Мұндай мейірді Жаратқанның әр мақлұғынан көресіз. Бұлардың баршасы сол бір бөлек мейірден болып, қалған токсан тоғызын Аллаһ тағала Ақырет Күні үшін алып қойды. Маған иман келтірген, мені таныған, маған сәжде етіп ғибадат және жақсы амалдармен өткен пенделерімді Қиямет Күнінде міне осы мейіріміммен сыйлаймын, күнәларын кешіремін, менің мейрамханам болған жаннатқа міне осы мейіріміммен кіргіземін деп жүзден токсан тоғыз мейірін алып қойды.

Аллаһ тағаланың бұл Рахман сипаты бүкіл дүниедегі момын және кәпір, яғни Аллаһты мойындамаған адамдарға да бірдей тиісті болған сипат, яғни Аллаһ тағала дүние байлығынан момындарды пайдаландырғанындай кәпірлерді де пайдаландыра береді. Жақсы адамдарды пайдаландырғанындай өте жаман қылмыскерлерге де бұл өмірден несібе беріп қойған. Аллаһ тағала бұл дүниедегі мейірімін баршаға береді екен, ғұламалар Аллаһ Тағаланың бұл сипатын барлық момын, кәпірге байланысты деп тәпсір етеді. Бірақ Аллаһ тағаланың Рахим сипатына келсек, Аллаһ тағала Ақыретте тек қана момындарға ғана рақым көрсетеді. Аллаһ тағала айтады: "Ол момындарға мейірімді болған зат". Қиямет Күнінде Аллаһтың рақымына, мейір-рахметіне, бұл дүниеде таза иман және таза ақидаменен өмір сүрген адамдар ғана жетеді.

Демек Аллаһ тағала бұл дүниеде барлығына мейірбан, Ақырет өлкесінде болса тек қана момындарға ғана рақым-шапағат иесі болған зат. Сол үшін біздер бұл дүниеден бір момын адам сапар қылса: "Аллаһ рахмет қылсын"-дейміз, яғни оған Аллаһтың рақымы

келсін, бұл Акырет жұртында Аллаһтың рақымына ие болсын дегеніміз болады. Бұл кеңшілік-рахметке тек қана момындар жетеді.

2. Алхамду лиллаһи раббил ъаламин – Мақтау-алғыс бүкіл әлемдердің Раббысы болған Аллаһ үшін.

Кейбір ғұламалар, жоғарыда айтып өткеніміздей, "Бисмиллаһты" "Фатиха" сүресінің бірінші аяты десе, басқа кейбір ғалымдар, әсіресе біздің Ханафи мазхаб ғұламалары "Фатиха" сүресінің бірінші аяты "Алхамду лиллаһи раббил ъаламин"- деп бұған дәлел келтіреді. Мәселен ұлы тәпсіршілерден Табари, өзінің "жамиъул баян" деген тәпсір кітабында міне осы тәпсірді қылады: "Бисмиллаһир рахманир рахим"-деп Аллаһтың Рахман және Рахим сипаты зікір етілгенінен кейін бір аят өткізіп, және де тағы Рахман және Рахим сипаттарының зікір етілуі әуелгі "Бисмиллаһ" "Фатиха" сүресінен тыс бір аят екендігіне дәлел.

Міне "Алхамду лиллаһи роббил ъаламин" аяты кейбір ғұламалар пікірінше "Фатиха" сүресінің бірінші аяты, басқа ғұламалар екінші аяты дейді. Мұнымен еш бір мағына өзгермейді, бірақ біз қашан Құрани Кәрімнің тәпсіріне әрекет етеді екенбіз, ғұламалардың бұл тәпсірін де біліп өтуіміз пайдасыз болмайды.

"Алхамду лиллаһи раббил ъаламин" деген бұл ұлық аяттың мазмұны – "Мадақ, алғыс, мақтан, шүкір ету Жалғыз Аллаһ үшін дегені. Ол Аллаһ бүкіл әлемдердің Қожасы, Раббысы, Иесі"-дегені, яғни мадақ-алғысты, мақтауды, шүкірді Жалғыз Аллаһ үшін айтуымыз керек.

"Алхамду" деген сөз барлық мақтау, барлық мадақ-алғыс деген мағынаны білдіреді, яғни еш бір мақтау жоқ, сол мақтаумен Аллаһ мақталмаса. Әр бір мақтау жалғыз Аллаһтың ақысы. Бүкіл мақтау-алғыстармен Жалғыз Аллаһ тағала мақталады.

"Лиллаһи"-Жалғыз Аллаһтікі, Аллаһ үшін – бұл табиғи, өйткені бүкіл әлемнің иесі болған Раббымыз Аллаһ тағала мақтауға лайық болған жеке-жалғыз зат. Біздер ол затты мақтап шүкіршілік етуімізге себеп – Аллаһ тағаланың бізге берген нығметтері көп. Құрани Кәрімде Аллаһ тағаланың Өзі: "Уа ин таъудду неъматаллаһи ла тухсуһа" – "егер Аллаһ тағаланың нығметтерін санаймын десеңдер, олардың санағына жете алмайсыңдар"- дейді.

Расында бізге Аллаһ тағала көптеген нығметтерді беріп қойған. Демек, әлбетте, біз Аллаһқа мадақ айтуымыз керек. Мадақ иесі

болу Жалғыз Аллаһтың құқығы екен, өйткені Ол бүкіл әлемнің Раббысы. Міне, біздерді адамзат етіп жаратты, адамдардың арасынан өзінің жолында, өзінің қалаған пенделерінің қатарында мұсылман етіп, тура жолға бастап қойды. Мұның үшін, әлбетте, біз Аллаһымызға мадақ болсын деп, Аллаһ тағалаға мақтау-алғыс айтамыз. Әр бір ісімізде әр бір алған тынысымызда, айнала - төңірегіміздегі барша жанды-жансыз нәрселерді, тіпті, бүкіл әлемді біздер үшін қызметші етіп қойғандығы үшін де Аллаһқа шүкір етеміз. Егер көз алдымызға келтірсек және ойланып көрсек, біз тыныс алып жатқан бірақ ешкім көруі мүмкін болмаған ауаның өзі Аллаһ тағаланың бізге берген бір ұлы нығметі.

Мұны ешкім істеп, өңдеп шығарған жоқ. Жалғыз Аллаһ тағала пенделерін тыныс алулары үшін міне осы ауаны артығымен жеткізіп тұр. Сондай-ақ біздердің таза болуымызға себеп болған су да Аллаһ тағаланың нығметі. Көз алдыңызға келтіріңіз, сол сіз бен біз істететін, пайдаланатын, ішіп шөлімізді қандыратын, бізге тамақ болатын, кір болсақ бізді тазалайтын су, міне осы Аллаһ тағала жаратқан жерде тұр. Әр түрлі топыраққа су құйылса сіңіп кетеді ғой, бірақ Аллаһ тағала осы пенделерім пайдалансын деп сол жерге, сен үстінде суды сіңдірместен, сақтап тұрасың деп бұйырған. Бұл бізге үлкен нығмет. Тағы кейбір жерлерде өзендер, теңіздер, көлдер араларында ешбір бөгет болмай қосылып жатады. Аллаһ тағала Құрани Кәрімде сол өзен, теңіз, көлдердің ащы сулы, бірін тұщы сулы етіп қойғанын бізге міндет етіп, яғни пенделерім пайдалансын деп олардың араларына, көзге көрінбейтін, бірақ өте мықты тоспа қойғанын зікір етеді. Бұл тоспа жаңағы ащы судың тұзы, тұщы суға өтпесін деп қойылғандығы зікір етіледі. Міне осы- біздерге Аллаһ тағаланың нығметі емес пе? Аллаһ тағала пенделеріне ең керекті болған ауаны тегін, ақысыз беріп қойды. Немесе біздің өзіміздің денеміздегі әр бір мүшеге қарасақ, Аллаһ тағаланың әмірімен істеп тұр, сіз және біздің ақылымызбен емес, қуатымызбен де емес, ілімімізбен де емес, керісінше Аллаһ тағаланың әмірімнен біздерге қызмет етіп тұр. Міне, мәселен біздің өміріміздегі белгілі болған тынымсыз ұрып, істеп тұрған жүрегіміз, мұны біз өзіміз ақылмен істетіп тұрған болсақ, ұйықтап қалғанымызда жүрек ұруы да тоқтауы керек еді. Пікірлесіп көрейік, егер жүрек бір минут ұрмаса не болады? Бірақ Аллаһ тағала осы жүрекке істеп тұрасың деген бұйрықты береді, сені сол пендемнің ішіне орналастырған екенмін, ол тірі болып, әрекет етіп, өмір сүріп тұруы үшін сен әр дайым істейсің, ол

білсе де білмесе де, ол ояу болса да, ол ұйықтап жатса да, оның есі барында да, түсінде де, әр бір халде істейсің деген бұйрықты берді, енді оны ешкім тоқтата алмайды, тек қана Жалғыз Аллаһ тағаланың Өзі қалаған уақытында тоқтатады. Міне, біз айналамыздағы әлемге қарасақ та, өзіміздің денемізге қарасақ та Аллаһтың сан жетпес нығметтерін көреміз. Демек, әлбетте "Ал-хамду лиллаһи раббил ъаламин" дейміз, яғни Аллаһқа мадақ болсын дейміз.

Раббил ъаламин- барша әлемдердің Раббысы.

Раб-деген сөз қожа, ие, тәңір деген мағынаны білдіреді, ъаламин-әлемдер дегені, яғни бүкіл әлемдердің қожасы, тәңірі болған Аллаһқа мадақ болсын. Әлемдердің Раббысы деген сөйлем басқа бір сүреде "Раббиссамауати уал арзи уа ма байнаһума" яғни "Көктер, жер және олардың арасындағы барша нәрселердің Раббысы – тәңірі" деп тәпсір етіледі. Демек, көктер, жер және олардың арасындағы нәрселердің барлығы әлем есептеледі екен.

Міне, он сегіз мың әлем делінеді, яғни сіз бен біз бір адамзат әлеміміз. Айналамызда басқа әлемдер де бар. Мәселен: құстар әлемі, жануарлар әлемі, өсімдік әлемі, жансыз нәрселер әлемі, тау – тастар.

Біз көре алатын әлемдер санаулы, бірақ біз білмейтін әлемдер де бар, сол себептен бұрыннан ғұламалар Аллаһ тағала он сегіз мың әлем иесі деген сөзді қолданады. Біз міне осы әлемдердің барлығының иесі болған Жалғыз Аллаһқа мадақ айтамыз, яғни адамзатқа мадаққа ие болу мүмкіншілігі жоқ. Өйткені адамға қайсы бір абырой, үлкен мансап яки басқа бір мәртебе тарту етілсін, сол абзалдығы үшін мақтайын десек оның басқа 100 кемшілігі бізді ұялтып қояды. Демек жаратқан тәңір - әлемдердің иесі ғана мақтауға лайық зат. Әлемдер деген сөз, Араб тілінде аламат деген сөзден келіп шыққан екен. Аламат деген сөз қазақ тіліне аударылғанда, бұл белгі дегені, яғни, он сегіз мың әлемнен әр бір әлем Аллаһтың бар және бір екендігіне аламат – белгі екен. Расында ең кішкене тозаңға қарасақ та, яки өте үлкен бір планетаға назар салсақ та, өзінің жаратушысы, қамқоршысы, басқарып тұрушысы бар екендігін көрсетіп тұрады. Яғни, қазір сіз бенен біз өмір сүріп жатқан осындай ілім дамыған, пән өркендеген, әр түрлі компьютерлер, үй жабдықтары және құралдар бүкіл әлемге толып кеткен бір дәуірде де міне осы өркендеген дамуымен бірге бір шыбынның қанатын да жаратудың мүмкіншілігі болмай жатыр. Расында біз адамдар үшін мұның мүмкіншілігі жоқ, бұл тек қана Аллаһ тағаланың қолынан келетін іс.

Демек бір шыбынның қанатын бүкіл адамзат жиналып жарата алмаса, сол шыбынның қанаты да Аллаһтың-Жаратушының барлығын көрсетіп тұратын бір аян - белгі екен.

3. Аррахманир - Рахим - Мейірімді - Рақымды.

Бұл ұлы аяттың мағынасы жоғары да айтып өтілді. Аллаһ тағала осындай мейірбан және рақымды. Аллаһ тағаланың осы ұлы сипаттары "Бисмиллаһта" да келіп, тағы бұл орында қайталануының сыры – себебі турасында тәпсірші ғұламалар былай дейді: "Сіз бенен біз, адамдар - өзіміздің әлсіздігіміз, көңіл бөлмеуіміз, білімсіздігіміз себебінен өміріміздің көп бөлегін ғибадатсыз, итағатсыз өткізіп, дұрыс емес істерге жұмсап, жасымыз бір жерге жетіп барғанда тәубе етіп, жалбарынып, ғибадат жолына өтейік десек, шайтан ділімізге азғыру салып: "Сен сондай күналар қылдың, енді сені құдай ешқашан кешірмейді" деп алдағанында үмітсіздікке түсіп қалмауымыз үшін Аллаһ тағала тағы біздерге мен мейірімдімін және рақымдымын деп сүренің ортасында да баса айтады".

Бұл аятты басқа бір аят тәпсірлейді: "Ла тақнатуу мир рахматиллаһ", яғни "Аллаһтың рахметінен – кешірімінен үмітсіз болмаңдар"-дейді. Бұл аятпен Аллаһ тағала өзінің пайғамбарына қарата сөйлеп, айтады: "Ей Мұхаммед (алейһис сәлем). Шектерінен шыққан, ғибадатқа көңіл бөлмеген бенделеріме айтып қой, менің рахметімнен (күнәларын кешіп жіберуімнен) үмітсіз болмасын". Міне осы аятты Аллаһ тағала өзінің Рахманир Рахим екендігін баса белгілеуімен сіздердің денелерің, тағдырларыңның барлығы менің қолымда, егер мен рахметіме алсам ешбір күна маған ештеңе емес, кешіремін" деген мағынаны аңғартады. Сол үшін Рахманир Рахим сипаттарын Аллаһ тағала бұл сүренің ортасында бізге тағы бір рет қайталап өтеді.

Расында Рахман сипаты – мейірімділік сипаты барлық нәрседе көрінеді. Жерде ғана емес аспанда да көрінеді. Әрине аспандағы құстарды ұстап тұрған да Рахманның өзі. Бұл жөнінде Аллаһ тағала былай деп мархабат етеді: "Ауалам йароу илат-Тойри фауқоһум соффатин уа яқбизна ма иумсикуһунна иллар Рахман"-үстеріндегі құстарға бір қарамайды ма? Олар қанаттарын жазып сап болып яки қанаттарын жайған халінде жерге құлап түспестен аспанда тұр. Оларды тек Рахман (яғни, мейірімді Аллаһ) ұстап тұр.

Көктегі құсты Аллаһ ұстап тұр, мұны көзімізбен көріп тұрмыз, оған ақылымыз жетеді. Бірақ біз үстінде тұрған жер де, аспан да, яғни көк кеңістігінде айналып тұрған планета, сіз бенен біз неше



миллиард адамзаттың және барша жанды заттардың өмірі өтіп жатқан міне осы жерді де Рахман ұстап тұр. Аллаһ тағаланың бір құсты ұстап тұрғанына таң қалсақта да бұл дәрежедегі үлкен планстаны ауада ұстап тұрған Мейірімді және Рақымды Аллаһ тағала екендігін ұмытып қойсақ дұрыс болмайды.

Демек, Рахман болған Аллаһымыз міне сондай мейірімді, күналарды кешуші, тәубелерді қабыл етуші және бүткіл әлемді өзінің хикмет – даналығымен басқарып тұрушы Мейірімді Раббымыз.

Ғибадаттарымыз, жақсы амалдарымыз өте аз, барларының кемшілігі өте көп. Біздер осы амалдарымызға сүйеніп ештеңеге жете алмаймыз. Өйткені бұл амалдарға бізді құдіретті еткен де сол Мейірімді Аллаһ. Бірақ Аллаһтың Өзі біздердің біліп-білмей істеген күнәларымызды кешемін десе, біздерді міне осы кемшілігі бар амалымызды қабыл етемін десе, ол Рахманның өзінің қолындағы іс.

Міне Сахихул Бухариде Аллаһ тағала тәубе қылған пендесін қандай жақсы көруі және күнәларын кешіріп жіберуі тұрасында көптеген хадистер келген. Риуаят етілуі бойынша Пайғамбар алейһис – сәлем жиһад уақытында тұтқынға түскен кісілер арасында бір әйелді, сол тұтқындардың балаларын емізіп жатқанын көрсетіп, сахабаларына: "Міне осы әйел өзінің баласынан басқа сәбилерді де емізіп жатыр, осы әйелге өз балаңды отқа таста, деп бұйырылса, тастайды ма?"- деп сұрады. Сахабалар: "Еш қашан, өзін отқа тастаса тастайды, бірақ баласын отқа тастамайды" деді. Сонда Пайғамбарымыз: "Аллаһ тағала да пендесін отқа тастауды қаламайды. Бұл ананың өз баласына болған мейіріне қарағанда Аллаһтың сендер менен бізге мейірі ұлық, жоғары" деген екен.

Яки тағы бір хадисте Расулаллаһ саллалоһу алайһи уа саллам былай деп кеңшілік жасайды: "Түйе мініп кетіп бара жатқан бір жолаушы шаршап-шалдығып, дем алу үшін түсіп, азғана дем алып, көзін ашса, мініп келген түйесі үстіндегі барлық нәрселерімен жоқ екен. Төрт тарапты іздеп, еш жерден таба алмастан шаршап-шалдығып тағы ұйықтап қалады. Біраз уақыт өткен соң оянып қараса, жоғалған түйесі қайтып келіп қалған екен. Сол адам, сол кезде қаншалықты қуанады" деді хазіреті Расулуллаһ, сосын былай деді: "Сіз бенен біз күнәларымызға тәубе етіп Аллаһқа қайтсақ, Мейірімді Аллаһымыз бұдан да көбірек қуанады-разы болады". Әр бір жақсы амалдарың үшін сый беремін, тәубелеріңді қабыл етемін деп тұрған Аллаһ тағаладан да мейірімді біреу бар

ма? Сол себептен де бұл сүреде Аллаһ тағаланың Рахманир Рахим деген сипаты тағы бір рет қайталанды.

4. Малики яумиддин – Дін – Жаза күннің Иесі.

Дін сөзі жаза деген мағынаны аңғартады. Яумуддин – жаза күні дегені. Малики яумиддин – жаза күннің иесі-патшасы дегені.

Бұл Жалғыз Аллаһ тағаланың сипаты. Яғни, бұл дүниеде әр түрлі патшалардың болуы мүмкін және олардың патшалықтарының осы дүниенің өзінде бітіп жатқанын көріп жатырмыз, неше-неше патшалар бұл дүниеден өтіп жоқ болып кеткендерін де көріп – естіп тұрамыз. Демек бұлар осы дүниенің уақытша мансап-лауазымдары екен.

Бірақ шын дүние болған Ақырет жұртында бір ғана патша бар – ол Аллаһ тағала болады. Жаза күнінің Иесімін – Патшасымын – дейді Аллаһ тағала.

Біз дін – жаза деген мағынада келуін айттық. Діндар деген – дүниеде және Ақыретте жаза барлығына сенетін адам дегені. Міне діншіл мен дінсіздің айырмасы осы сөздің өзінде паш етіледі. Тек бүгінгі күнін ойлайтын, қазірдің игілігін іздейтін, келешекте – Ақырет диярында не болуы жөнінде ойланбайтын адам дінсіз делінеді, яғни, ондай адам (кісі) істеп жатқан ісі сауап па, күнә ма екендігіне яки біреулерге пайда ма, зиян ба екендігіне қарамайды. Қазір рахаттанып қалсам, қазір дүние тауып қалсам, ішіп-жеп жүріп қалсам болды дейді. Міне осы адам дінсіз адам болады. Діндар адам болса тура оразадар дегенде оразаны ұстаушыны түсінгеніміздей діндар-діншіл деп дінді ұстаушыны түсінеміз. Дінді ұстап тұрған діндар адам болса, әр бір ісінде осы бір істі істеп жатырмын, ертең осының жазасы бар, өлгенімнен кейін Қиямет Күнінде Аллаһ тағаланың алдында осы ісіме жауап беремін деп сенетін адам. Басқаша айтқанда шын мәніндегі адам діндар болады. Мәселен – жануар қалаған ісін істеуі мүмкін, оны ешкім айыптамайды. Өйткені Аллаһ тағала оған жақсы-жаманды ажырататын ақыл бермеген. Бірақ адамға болса Аллаһ тағала ақыл-парасат нығметін тарту еткен, егер ол осы ақылмен іс тұтпаса, адалды арамнан ажыратпаса, сауапты күнәдан ажыратпаса, ол адамның айуаннан айырмасы жоқ бір мақұлық болады. Діндар адам болса, әр бір ісін ертең Аллаһ тағаланың алдындағы жаза, жауапкершілікті ойлап істейді. Міне осы – діндарлық, міне осы шын мәніндегі – адамзаттық.



"Яумуд-дин" – жаза күні дедік. Бұл сөз солай жеңіл ғана айтылып жатыр, бірақ бұл күнді сіз бен біз толық көз алдымызға келтіре алмаймыз. Тіпті Хазіреті Мухаммед алейһис - сәлемге Аллаһ Хақ тағала міндет етіп айтады: "Ей Мухаммед (алейһис-сәлем) Жаза күні қандай күн екенін қайдан білетін едіңіз, сіз білмейсіз, тағы бір рет айтамын, жоқ сіз білмейсіз"-дейді.

Яғни біз жоғарыдағы ұлы аяттан үйреніп, Расулаллаһтың хадистерінен естіп жаза күні бар, иман келтіреміз, бірақ оны бүтін халінде, бүкіл қорқынышымен, бүткіл көлемімен бүткіл қатерімен біле алмаймыз, тіпті барып көрмейінше толық сезе алмаймыз. Аллаһ тағала өзінің ең ұлық пендесіне, ең жақын досына, бүкіл елдер үшін рахмет етіп жіберілген ең соңғы пайғамбарына: "Сіз де білмейсіз, тек қана мен білемін" дейді.

Аллаһ тағала ол Күн тұрасында тағы: "Яума ла тамлику нафсун линафсин шайан" - жаза күні ешбір жан, еш бір жан үшін бірер іс қылуға ие болмайтын күн – дейді.

Яғни бұл дүниеде бірер қате қылсақ біздің еретіндеріміз, жол көрсететіндеріміз шығады, солардың қолдап жіберулерімен кейбір жазалардан құтылып та кетеміз, бірақ "Ол күнде еш кім біреудің арасына түсе алмайды. Ол күнде Жалғыз бір патша болады, ол Менмін" – дейді Аллаһ тағала.

Міне, сіз бен біз әр дайым оның есімі менен бастайтын, ғибадат етілуге лайық болған Жалғыз, Мейірімді, Рақымды, Жаза Күннің Иесі және бүкіл әлемдердің Раббысы болған Аллаһ тағала бұларды білгенімізден кейін төмендегі аятын бізге бұйырады:

5. Ийяка наъбуду ва ийяка настаъийн – "Саған ғана ғибадат етеміз және сенен ғана медет сұраймыз", міне осы Иләһи сөздермен біз намазымыздың әрбір рақатында оқитын Фатиха сүресінде Аллаһ тағалаға жалбарынып – Жалғыз Саған ғана ғибадат етеміз. Өйткені мадақ-алғысқа лайық Өзіңсің, әлемдердің қожасы Өзіңсің, ең мейірімді және ең рақымды да Өзіңсің, бұл дүниеде ғана емес, Ақырет күнінің иесі де Өзіңсің, ендеше Сенен басқа кімге ғибадат етеміз, әлбетте Жалғыз Өзіңе ғана ғибадат етеміз, Жалғыз Өзіңнен ғана медет сұраймыз, деп уәде береміз.

"Ийяка наъбуду" міне осы сөз әр бір кісінің момын болуы және дінге кіруінің кілті болған "Ла илаһа иллаллаһ" калимасының мағынасы. Яғни еш қандай құдай жоқ, тек қана жалғыз Аллаһ тағала

ғана бар. Мухаммед алейһис-сәлем Аллаһ тағаланың елшісі –деп иманға кірген екенбіз, "Ийяка наъбуду" деген сөзіміз де тура осы мағынаны білдіреді. Яғни, Сенен басқа еш қандай құдай жоқ, Сен Өзің Жалғызсың, Сенен басқа сыйынатынымыз жоқ, Сенен басқа сүйенетініміз жоқ, Сенен басқа біреу бізге жәрдем де бере алмайды.

"Уа ийяка настаъин" – Жалғыз өзіңнен ғана медет сұраймыз. Демек, біздерге медет беретін бір ғана тәңір бар, Ол Жалғыз Аллаһ тағала екендігіне шын мәнінде иман келтіреміз. Аллаһ тағала қаламаса ешкім бізге ешбір жақсылық қыла алмайды. Аллаһ тағала қаламаса ешкім бізге жамандық та жеткізе алмайды.

Міне біздер Аллаһ тағаланың есімімен бастап, мадақалғыспен Аллаһтың сипаттарын айтып, Оның Өзі бұл дүниенің де және Ақыреттің де Иесі екендігін мойындап, Өзіне ғана ғибадат ету, Өзінен ғана медет сұрау уәдесін беріп тұрып, енді төмендегі ұлық аятын оқимыз:

6. "Иһдинас сиратал мустаһим - Өзің бізді тура жолға бастағын". Міне осы аят "Фатиха" сүресінің жүрегі. Біздерге Аллаһымыз осы сүрені оқуды бұйырады екен міне осы дұғаны оқуымызды да бұйырған. Яғни "Өзің біздерді тура жолға бастағын", Аллаһтан біздің тілегеніміз, дұғамыз, жалынуымыз, жалбарынып сұрайтын нәрсеміз осы.

Сират – бұл жол дегені. Мұстаким – тура деген мағынаны аңғартады. Иһдина – деген сөз тура жолға салғын, жолдағын, бастағын, жетектегін деген мағынада. Осы аятта біздер бұл дүниедегі өмірімізді адаспастан, қисық жолдарға кіріп кетпестен, адасып залалатқа түсіп қалмастан өтіп алуымыз үшін әр күні, әр сағатта, намазымыздың әр басында – ракатында "Өзің бізді тура жолға бастағын" деп сұрап тұруымыз, бүкіл әлемдердің Раббысы, жаза күннің Иесі болған Мейірімді және Рақымды Аллаһ тағала тарапынан бізге бұйырылды. Демек біздер өзіміздің ілімімізге яки ақылымызға немесе қайсы бір басқа нәрсемізге сүйеніп тура жолды табамын десек, сол біздің адасқанымыз. Өйткені бізді Аллаһ тағала тура жолға салса ғана тура жолды табамыз.

"Сиратул мустаким" деген сөзді кейбір ғұламалар тәпсір етіп "Сират" бұл – Құран – дейді. Басқа ғұламалар болса "Сират" бұл – Ислам – дейді. Яғни біздерді тура жолға бастағын дегені – біздерді өзіңнің Каламыңа – Құраныңа бастағын, өмірімізді



Сенің Құранын талабына, сен бұйырған істерді орындап өтуге жолдағын, дегеніміз болады.

Басқа ғұламалар болса, Исламына баста, яғни адасып, дінсіз болып, дұрыс емес істерді, дұрыс емес жолдарды дін тұтып, адасуда өтіп кетпестен, Исламыңа, шын дінің, соңғы кәміл дініңе жеткізгін, бастағын, дегеніміз болады – деп те тәпсір етеді. Міне біздер әрдайым Аллаһ тағаладан сұрауымыз керек болған нәрсеосы. Өйткені Аллаһ Тағаланың жолына кіру оңай емес. Бұл Жалғыз Аллаһ тағаланың жолдауы-һидаяттап қоюымен болады. Егер біз катты тұрып шын көңілмен сұрасақ, міне соған әрекет етсек Аллаһ тағала бізді Өзінің тура жолына бастайды.

Міне осы һидаят-тура жолға салу. Яғни Аллаһ тағала бүтіндей басқа жолда жүрген, басқа жақты қалап жүрген адамдарды бұл жолға мәжбүрлеп бұрып коймайды, керісінше өзі қалаған адамдарды Өзінен тура жолды сұраған адамдарды тура жолға бастайды.

"Бізді тура жолға салғын" дегеніміз, біздерді де сол тура жолыңды іздеген адамдардың қатарына қоскын дегеніміз болады. Өйткені мұсылмандардың арасында да тура жолға жүруден алыс болған кісілер де жоқ емес.

Адамдар жазған нәрселерді Құраннан гөрі абзал деп ойлайтын кісілер де жоқ емес. Басқа әр түрлі кітап Аллаһ тағаланың Кітабына кандай, қалайша пара-пар келеді, тең болады? Неге олар адасады? Осыны білмейді ме? – деп сұрайтын шығарсыз? Білмейді, өйткені, оларды Аллаһ тағала һидаятқа салған емес. Мұны Аллаһ тағала тура жолға салса білеміз.

Біз қарапайым адамдар Құрани Кәрім қаншалық ұлық Кітап екендігін сөзбен жеткізіп бере алмаймыз. Тура жолда болуымыз үшін Исламның негізі болған Құранды ғана ұстауымыз керек екендігін Жалғыз Аллаһтан басқа ешкім біреуге жеткізіп бере алмайды. Егер Аллаһ тағала өзінің тарту етуімен оның сезіміне, жүрегіне, діліне тура жолға болған махаббатты сіңдірер екен, міне сол Аллаһтың һидаяты-тура жолға салуы. Төмендегі ұлы аятта әне сол Аллаһтың сыйына ие болған кісілер турасында сөз барады.

7. Сираталлазина анъамта алайһим ғайрил мағзуби алайһим уа лаззолийин – (Біздерді) сондай кісілердің жолына (бастағын), Сенің өзің оларға (Тура жолды) тарту еткенсің – олар (Сен тараптан) ғазабыңа жолықпағандар және адаспағандар.

Яғни, "ей Раббым, біздерді Сенің ашу-ызаңа душар болмаған, адаспаған, тура жолдан таймаған пенделеріңе тарту еткен жолыңа жетектегін". Қош, Аллаһ тағаланың тартуына кімдер ие болған? Бұл турасында басқа бір сүреде хабардың берілуінше, олар пайғамбарлар, сыддықтар - шын иман, ықылас иелері, Аллаһтың жолында құрбан болған шаһиттер және Аллаһтың бұйрықтарын орындаған саликалы пенделер.

Ондай болса Аллаһ тағаланың ғазабына, ашу-ызасына жолыққан кімдер еді? Тәпсірші ғұламалар Хазіреті расулуллаһ алейһис-сәлемнің сахабаларынан риуаят етіп айтады, Аллаһтың ғазабына жолыққандар – яһудилер, яғни еврейлер еді. Адасқандар кімдер еді? Расулуллаһ саллаллаһу алайһи уа саллам айтады: "Насранилер, яғни Христиандар – олар адасқандар".

Яһудилер неге Аллаһ тағаланың ғазабына душар болды? Мұның себебі, олар Аллаһ Тағаланы таныған кісілер еді. Аллаһтың пайғамбары – Мұса алейһис-сәлемге иман келтірген еді. Ол кісіге түсірілген Тәурат-Библия кітабында оларға Аллаһтың соңғы пайғамбары Мухаммед алейһис-сәлемнің келуі турасындағы хабар да түсірілген еді. Пайғамбар Мухаммед алейһис-сәлем дүниеге келулерінен ілгері, яһудилер: "Жақында бір пайғамбар келеді, біз оған жәрдемші боламыз" – деп айтатын еді.

Бірақ Аллаһ тағала пайғамбар алейһис-сәлемді яһудилерден емес араб ұлтынан шығарған кезінде, олар бірден тондарын теріс киіп кәпір болды.

Аллаһ тағала Құрани Кәрімде айтады: "Ал қашан оларға (яһудилерге) өздері білген нәрсе келген соң олар (өздері білген)нәрсені мойындамай, кәпір болды. Сондықтан бұл кәпірлерге Аллаһтың лағынеті болсын".

Тағы басқа бір аяты карима да келеді:

Фа баув би ғазабин ъала ғазаб – яғни "олар ашу-ғазаб үстіне ғазаппен қайтты".

Яғни бүткілдей ғазаптың астында қалды – деп яһудилерді Аллаһ тағала лағынеттейді. Не үшін? Олар білгендеріне амал етпегендіктері үшін. Өздері таныған ақырзаман пайғамбарына иман келтірмегендіктері үшін.

Енді насранилер – христиандар не себептен адасқандар деп сипатталады-деп сұралса, оларға да Аллаһ тағала пайғамбар жіберді. Хазіреті Иса алейһис-сәлем оларға пайғамбар болып келді. Ол пайғамбарға Аллаһ Інжіл-Евангелия атты кітапты түсірді. Бірақ бұл



насранилер Аллаһ тағаланың пайғамбары болған Исаны құдай деді- адасты. Ол пайғамбардың анасы болған Мариямды да құдай деді, - адасты. Адасу бұдан артық болмайды, сол үшін Аллаһ тағала оларды бір сөзбен адасқандар деп атайды. Яғни Жалғыз Аллаһқа ғибадат етпей, тәңірді үшеу етеді-Аллаһ, Аллаһтың әйелі Марям, Аллаһтың ұлы Иса десті. Бұдан артық адасу болады ма? Тағы олар сол дәрежеде адасты, қолдарында Иса алейһис-сәлемге түскен Інжілдің түпнұсқасы қалмады. Бір кітапқа ілесуге мүмкіншілік таппай қалды. Інжіл деп аталған кітап тұр, бірақ ол Иса алейһис-сәлемге түскен Інжіл емес. Бұл кітап жер бетінің еш бір жерінде асыл негізгі нұсқада қалмаған. Мұны олардың өздері де мойындайды. Қайсы жерде болмасын Інжілдің аудармасы оқылады оның жетпістен артық аудармасы бар, бірақ асыл-негізгі нұсқасы ешкімде, ешбір жерде жоқ.

Міне шынайы Кітап болған Құрани Кәрімнің ешбір әрпіне де зиян келместен, жоғалмастан қолымызда тұр. Сол үшін Құранды тәпсір еткенімізде, біздердің тәпсір-аудармамыздың қате яки дұрыс екендігін асыл-негізіне салыстырып біліп алу мүмкін. Бірақ Інжілдің аудармаларын салыстыратын асыл-негізгі нұсқа жоқ. Демек бұлар жолдан азып, адасып, тура жолды қаласа да таба алмайтын дәрежеге түсті. Біз момын-мұсылманлар, біздерді міне сондай адасқандардың жолдарынан алыс қылуын сұрап Аллаһ тағалаға дұға етуіміз керек. Яғни ғазабына душар болмаған және адаспаған пенделеріңе тарту еткен жолың болған, тура жолға бастай гөр деп Аллаһ тағалаға мінажат етуіміз осы мүбәрак сүренің жүрегі, біздерге Раббымыз міне осындай дұға етуімізді бұйырады. Сауал туылады, неге Аллаһ тағала тікелей яһудилер, насранилер деместен олар жөнінде ғазабқа жолыққандар, адасқандар деген терминдерді қолданды? Мұның себебі сол, кімде –кім сол яһудилерге ұқсап білгендерін амал етпесе яки насранилерге ұқсап Аллаһ тағалаға серік қосса, ондай адамдар қайсы ұлттан болуларына қарамай, Аллаһтың ғазабына жолыққан және жолдан азған – адасқан есептеледі. Сол себептен біз Аллаһ тағаладан жалбарынып сұраймыз, Раббымыз, Сен біздерді ғазабқа душар болған кісілердің жолын ұстаушылардан етпегін. Олар шындықты танып, біле тұра оған амал етпеген яһудилер және оларға ұқсағандар. Тағы біздерді жолдан азғандардан етпегін, олар тура жолды таппастан адасқандар насранилар және оларға ілескендер. Осы дұғада мұсылманның жүрегі үшін мойынсұнбаулық, надандық және жолдан таю дерттерінен

құтқарушы шипа және де Ислам сияқты мүлде ұлы нығметке жол көрсету бар.

Ендеше, кім шындықты жақсы білуші және оған әрдайым ілесуші болса, әне сол адам тура жолға лайық болады. Күдіксіз өткен пайғамбарлардан кейін расулуллаһ саллаллоһу алейһи уа салламның сахабалары осы қызметке ең лайық кісілер еді, жоғарыдағы аят әне сол кісілердің абзалдықтарын және ұлық мәртебелерін де көрсетеді(Аллаһ тағала олардан разы болсын).

Оқушы үшін "Фатиха" сүресін оқығаннан кейін "Амин" деуі шырайлы, жақсы іс болып, оның мағынасы: "Аллаһым қабыл ет" дегені. Бұл сөз ғұламалардың бәрінің келісуіменен "Фатиха" сүресінің бір аяты емес. Сол үшін де олардың баршалары "Амин"ді Мусхаф-Құран кітаптарына жазылмауына шешім қабылдаған.

Құрметті оқушы! Қазір ғана сіз оқып бітірген "Фатиха" сүресінің тәпсірі біз Аллаһ тағаланың тура жолға салуынан және медетінен үміт етіп бастаған Құрани Кәрімнің көп паралы тәпсірінен болған алғашқы үлгі-қарлығаш. Инша Аллаһ, келешекте басылатын параларда сіздердің – қадірменді оқушылар, осы әуелгі тәпсірі жөніндегі пікірлеріңіз біз үшін өте бағалы. Қалыс дұғаларыңызды үміт етемін.